



TÜRKITANU TURKOLOGY ТЮРКОЛОГИЯ

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 3 (124)/2018, 99-105pp.*
<http://bulpolit.enu.kz/>; E-mail: vest_polit@enu.kz

МРНТИ 16.21.07

Ж.Н. Алашбаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: zhanna_alash@mail.ru)*

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» шығармасындағы мақал-мәтелдердің элеуметтік-мәдени сипаттамасы

Аннотация. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» еңбегі XI ғасырда жазылған түркі халықтарына ортақ жәдігер. Ол түркі халықтарының өмір тарихынан, қоғамдық саяси ахуалынан сыр шертеді. Жүсіп Баласағұн «Түмен сөз түйінін бір сөзбен шеш» деп сөздің мазмұнына мән беру керектігін айтады. Яғни аз сөзбен көп мағына беруді, ойды айшықты әрі дәл жеткізуді меңзейді. «Құтадғу біліг» адамдардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын заң қызметін атқарған. Адамды жақсылыққа, ақылға, білімге, өзін-өзі тәрбиелеуге үндейді. Түркітану ғылымында жаңа бетбұрыстарға жол ашты. Шетелдік және отандық ғалымдар зерттеп, тіл ғалымдары түркі жазбаларына аударма жасап, ғылыми айналымға енгізді. Шығармада толықтай мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, философиялық ойлар берілген. Орта ғасырлық мәдениеттен сыр шертетін және көркемсөз әлемінде маңызды туынды.

Түйін сөздер: мақал-мәтелдер, Ж. Баласағұн, Құтадғу біліг, ұлттық мәдениет, халық даналығы, мәдениет.

DOI: 10.32523/2616-6887-2018-124-3-99-105

Кіріспе. Көне дәуірдің бір белгісі ретінде әлемнің асыл қазыналарының қатарындағы өшпес мұраның бірі – Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» атты дастаны.

Жүсіп Баласағұнның энциклопедиялық мұрасы сонау 1870 жылдары Венгр ғалымы Г. Вамбери, орыс ғалымы В. Радлов, С.Е. Малов, А.Н. Самойлович еңбектерінен бастап, беріде А.М. Щербак, Г.А. Әбдірахманов, Қ. Кармов, У. Асанәлиев, А.С. Аманжолов, А. Егеубаев сынды көптеген қазақстандық және шетелдік ғалымдардың назарын аударып, аса ықыласпен жан-жақты зерттелуде.

Мақсаты. Қазіргі кезде елімізде жария етілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көне әдебиет туындыларын зерттеп, талдау аса өзекті мәселелер қатарында. Сол себепті бұл мақалада біз Жүсіп Баласағұнның шығармасындағы мақал-мәтелдердің элеуметтік-мәдени сипаттамасын жасауды мақсат етіп белгіледік.

Міндеті. Мақала шеңберінде Ж. Баласағұнның «Құтадғу біліг» дастанындағы мақал-мәтелдердің жалпы сипаттамасын беру; аталмыш дастандағы мақал-мәтелдердің элеуметтік-мәдени талдауын жасау; мақал-мәтелдердің көне түркі жазбасы мен қазақшадағы жазылуы және мән-мағынасын салыстыру; әйгілі түркітанушылардың еңбектерін зерттеп, өзіндік пайымдау әзірлеу; дастанда келтірілген мақал-мәтелдерді жіктеу; мақал-мәтелдердің мәдени мән-мағынасын анықтау сынды міндеттер белгіленген.

Тарихы. Ренессанс дәуірінің көрнекті ғұлама-ойшылы Жүсіп Баласағұнның шығармашылығында қазіргі кезде жастарды, жалпы адамзатты мәдени тұрғыдан тәрбиелеуге бағыт беретін қағидаттарды айқын байқауға болады. «Құтадғу біліг» еңбегі дидактикалық және этикалық бағытта жазылған шығарма. «Құтадғу білік» - түркі сөзі. Мұндағы «құтадғу» сөзі «құт», «бақыт», «құтты» деген мағынаны, екіншісі – «білік» яғни «білім», «кітап» деген мағынаны білдіреді. Яғни, «білімді құтайтушы кітап» немесе «бақытқа жету ғылымы». Дастан 85 тараудан, 6645 өлең жолынан (бәйіттен) тұрады. Шығарма оқиғасына қатысатын төрт кейіпкер төрт қасиеттің (әділет, дәулет, ақыл, қанағат) иесі болып табылады да, осы төртеудің арасындағы бақыт туралы сөздің жартысы диалогқа құрылған.

Зерттеу әдістері. Жүсіп Баласағұнның шығармашылығындағы әлеуметтік-мәдени негіздерді ғылыми тұрғыда зерттеуде түркі жазбаларының қалыптасуы мен ондағы тәрбие туралы ой-пікірлердің және халық тәлімінің алатын орны, бұлардың арасындағы сабақтастықты арнайы қарастырғанды жөн көрдік. Өйткені, Баласағұнның «Құтадғу біліг» дастаны негізінен түркі халқының ғасырлар бойы жинақталған тәрбие жайындағы сапалы ойды қорытындылап тұрған еңбек.

Мақаланы зерттеудің әдіснамалық базасы диалектикалық әдісті тануға қызмет ету және оған негізделген формальды-қисынды, тарихи, жеке-ғылыми, нақты-әлеуметтік, салыстырмалы-мәдениеттанушылық зерттеу әдістерінен құралған.

Нәтижесі/Талқылау. Түркітанушы А.Н. Кононов: «Кутадгу билиг» - философское произведение, в котором анализируется смысл и значение человеческой жизни и определяются обязанности и нормы поведения человека в обществе; при этом Юсуф не страшится критиковать общество, в который он сам живет» - деді [1]. Түркі поэзиясының ерекшелігі жөнінде И.В. Стеблева: «... Юсуф Баласағұнский использовал все возможности тюркского языка, реализуя теорию арабо-персидской рифмы в тех вариантах, которые соответствовали фонологической структуре тюркского слова «морфологии языка» - дейді [2. 95 б.].

XI ғасырдағы көне түркі шығармасы болған бұл еңбектің басты мақсаты – адамның бақытты болу жолдарын көрсету. Өзі өмір сүрген қоғамды, сол кездегі саяси-әлеуметтік ахуалды сынға алады. Ол өз отандастарын Мавереннахр, Шығыс Түркістан сынды елдерді мысалға ала отырып, халықты басқару өнеріне үйреткісі келген. Алайда шығарма саяси трактат емес, ол орта ғасырдың ғылымы мен мәдениетін қамтиды, шығармада адам өмірінің мәніне, оның тағдырына, әлемдегі орны мен рөліне қатысты мәселелер қозғалған.

1-кесте – адамға байланысты

Ж. Баласағұнның шығармасында	Мағынасы
<i>üqüşlüy kişiden kişilik kelür,</i> <i>biliklik kişiler kişisi bolür[?]</i>	Ақылды кісіден кісілік келер, Білімді кісілер кісісі болар[3.476.]
<i>Tirig ölgü ahir töşängü jerig,</i> <i>Kişi ölsä edzgün kör atı tirig [?]</i>	Тірі өлер, ақыры жер жастанар, Жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар[3.1316.]
<i>Eşitgüil nängü tar biliklig kişi,</i> <i>Biliklig sözi šin cebüg jan tüši:</i> <i>Bülarda birisi bü til jalğanı,</i> <i>Münñda basası sözüg qıjğanı [?]</i>	Біліктіні тыңда, ақылдың бұлағы, Білімді сөз – шырын, жанның құнары: «...Бұның бірі – тілдің жалған айтқаны, Бұдан басқа – айтқан сөзден қайтқаны!»[3.1316.]

Осы айтылғандардың өзінен қазақтың «Жақсы – арының құлы, жаман – малының құлы»,

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген даналық сөздері салмақтана түсетіндей.

«Құтадғу біліг» дастаны адам мен қоғам туралы басты екі тақырыпты қатар жырлайды. Әрине, дастанда адам, адами жетілу туралы тәрбие мәселелері басым айтылады. Себебі қоғамның негізі – жеке адамдар. Жеке тұлға, жеке адам өз бойындағы адам көріністерін, адамгершілік сипатын, ерлігін, әділдігі мен бақытын жалғыз жүріп жария ете алмайтыны анық. Демек, қоғам адамдардың адами іс-әрекеті қалыптасып шындалатын, жан-жақты жетіліп, бар қырымен көрініс табатын орын. Дастанда әуелі адамгершілік қасиетке сай адам болып жетілуі алғашқы мұрат-мақсат деп біледі. Сондықтан болар, дастанда көптеген тәрбиелік сипаттағы мақал-мәтелдер берілген.

2-кесте – тәрбиеге байланысты

Ж. Баласағұнның шығармасында	Мағынасы
<i>Qalı kelsä övkän qatıylan, särin, Särimlig kişiniñ säbinši jarin[?]</i>	Егер ашу-өкпең келсе, қатулан сабыр қыл, Сабырлы кісінің сүйініші алдында [3.1366.]
<i>Ülüy boldünjärsä kişig tüt köñül, Ülüyqa kişigilik jaraşür oñul[?]</i>	Ұлық болдың екен, көңіліңді кішік тұт, ұлыққа кішіктік жарасады, ұл! [3.1406.]

Адамгершілік қағидаттарын сипаттайтын даналық нақыл сөздер, мақал-мәтелдер кейін барлық түркі тілдес халықтардың рухани әлемін, ұлттық сипатын қалыптастырып, дамытуға негіз болған. Дастанның әр жолындағы тәлім-тәрбиелік толғамдар, әсіресе, бүгінгі ұрпаққа аса қажет. Ойшыл мұрасының өміршеңдігі осында. Мақал-мәтелдерде көрініс тапқан халық даналығы ұлттық мәдениет өзгешелігінің көзі және кез-келген тілдің көне негізі болып табылады, сондықтан да мақал-мәтелдер қашан да болсын ғылыми-зерттеушілік жұмыстың назарындағы сала.

«Құтадғу біліг» дастаны әлеуметтік-мәдени сипаттағы идеяларды толық қамтыған еңбек. Дастанда Сөз ерекше орын алады. Жиырмадан астам бәйіт жолдарында тіл өнерінің қасиет сипаты мен пайда-зияны айтылады. «Өнер алды – қызыл тіл» дегендей бағзы замандардан да тілдің құдыретін, асыл сөздің тегін аңғарамыз.

3-кесте – тіл туралы

Баласағұнның шығармасында	Мағынасы
<i>Kişiğ til ağırlar, bülür qüt kişi, Kişiğ til üzüzlar, barır är başi</i>	Тіл кісіні қадірлі етер, бақ қонар, Тіл қор қылар, кететұғын бас болар[3.1336.]
<i>Til arslan türür kör işiktä jatur, Aja ävlig är saq başiñni jäjür</i>	Тіл – арыстан есік баққан ашулы, Үй иесі, сақтан, жұтар басыңды[3.1336.]
<i>Sözünni күdäzgil başiñ barmasün, Tiliñni күdäzgil tişiñ sinmasün</i>	Сөзіңді бақ, басың кесіп алмасын, Тіліңді бақ, тісің сынып қалмасын [3.1336.]
<i>Tilig käd күdäzgil күdäzildi baş, Sözünni qisürqil üzatıldı jaş</i>	Тіліңді бақ, басың аман болады, Сөзді қысқарт, жасың ұзақ болады [3.1346.]

Ürüp bärğä başı pütär tärk sönär, <i>Tilin söksä pütmäz aşıyï jilin[?]</i>	Таяқ – еттен, сөз сүйектен өтеді, Сөз қалады, таяқ табы кетеді [3.1346.]
-------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------

Бұларды қазіргі қазақ мақал-мәтелдерімен салыстыра отырып байқасақ, белгілі бір тәрбие мен оның мақсаттарының мәнін ашып көрсетеді. Адам сөзінің тәрбиелік мәні терең, маңызды. Сондықтан халық сөздің қадір-қасиетін түсінуін балаға жастайынан үйреткен. Сөз сөйлеу мәдениеті сол кезеңде дамып, қоғамдағы тілдік өмірді зерделеп, тілді дұрыс пайдалану ережелерін белгілеген.

«Құтадғу біліг» дастанының халықтық педагогикамен ұштасуы жайында бірқатар ғалымдардың еңбектері дәлелдейді. Профессор М. Мырзахметовтың пікірінше: «Жүсіптің, әсіресе, халық ауыз әдебиеті үлгілерін барынша мол пайдаланғаны дастандағы кісі аттары, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздерден де көрінеді: «Сөздің көркі – мақал», «Ауру қалса да, әдет қалмайды», «Есік көргенді алма, бесік көргенді ал», т.б. [4. 2176].

«Құтты біліктің» әдеппен, мәдениетпен тамырластығын мына мысалдардан да байқауға болады:

Үй іздесең, көрші жайын сынарсың. Жер іздесең, судың жайын сұрарсың (5218);
Саламат жүр, жамандарға қатыспа. Көңілді – оң, ақыл – көзді сақ ұста (5267);
Ақыл көркі – тіл. Тілдің көркі – сөз. Адам көркі – жүз. Жүздің көркі – көз (274);
Өзіңнен де зорлар сөзін қозғаса. Құлағың сал, сөйлеп әуре болма аса (4116);
Аузыңды бақ, енер содан кесел де (4615);
Әдептінің түр-түсі де әдемі (4604);
Айттарыңды сайлап сөйле, жүректі ер (3878);
Сөйлемесең – сөзің саған құл болар. Сөйлеп қойсаң – сені өзі құл қылар (3880);
Көңіл жақын болса, жақын-алыс жер. Көңілді бақ! Алыс кейде қарыс жер (3705);
Тіршілікке алданбағын, өшеді. Дүниеге малданбағын, көшеді (1274);
Тоқ болсаң да бектің асын қайтарма (4133);
Әйелдердей түсіп кетпе қызығып, әйелдердей қалма ашығып, сызылып (4132);
Қол созба асқа, тұрған кісі алдында. Ал, ой зерек, қойған асты алдыға (4130);
Ас – арқауын, онсыз күнің қараңғы. Құлқын - өңеш билемесін адамды (3667).

Жүсіп Баласағұнның «Құтты біліг» дастанында халықтық педагогика негіздері, тәлімдік ой-пікірлер айтылған. Сол ой-орамдардың қазақ халқында мақал күйінде сақталған түрлерінен көптеген мысалдар келтіруге болады:

«Сүтпен сіңген сүйекпен кетеді»,
«Ананың сүтімен сіңбеген қасиет тананың сүтімен сіңбейді»,
«Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді»,
«Адам көркі – көз, тілдің көркі – сөз»,
«Ұлық болсаң, кішік бол»,
«Не ексең, соны орасың»,
«Жақсыдан – шарапат, жаманнан - кесепат»,
«Білімді мыңды жығар, білікті бірді жығар».

Осындай етек-жеңі жинақы, аз сөзбен көп мағынаны аңғартатын сөз тіркестерін ары қарай жалғастыра беруге болады. Өмірде заңдылықты болып келетін, не болмаса арнайы бір принципті көрсететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, адамның ой-өрісін тереңдететін жұмбақтар халықтың іс-тәжірибесінде кеңінен орын алып, тәрбиенің негізгі құралы болған. Бұл прогрессивтік үрдіс «Құтадғу біліг» дастанында да дәлелденіп отыр.

Халық тәлім-тәрбиесінде	«Құтты білік» дастанында
Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар	Ақыл қайда болса, ұлылық толады, Білім кімде, сол білікті болады
Ғылым – теңіз, Білім - қайық	Кісі көңілі – түпсіз теңіз, ойласаң, Білім – інжу түбінде, анық қоймасаң
Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді	Тірі өлер, ақыры жер жастанар, Жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар
Сүтпен сіңген сүйекпен кетеді	Ақ сүтпенен бірге сіңген жақсылық, айнымайды еш, алғанша ажал тапсырып
Сабыр түбі – сары алтын	Сабырсыз қалар ұятқа, Сабырлы жетер мұратқа
Көз көрсе, көңіл сүйінер	Көздің құрты – сүйікті өңді бір көру, Көңіл құрты – аңсарымен бірге өлу
Жеті рет өлшеп, бір рет кес[?]	Есті жанның тілі – шындық шұрайы, Бар қылығы тегіс, шымыр шығады. Одан салқын, сабырлылық өседі, Жеті өлшеп, жалғыз рет кеседі[?]
Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні	Мың сөздің түйіні бұл, бір сөзде аш – болып шығады
Бірінші байлық -денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық	Ішпек-жемек - әуелгісі бұлардың Қатын алмақ – бірі, рахат-құмардың Үшіншісі – тән саулығың, тірлігің Бұл үшеудің ұстау қажет бірлігін
Ұлық болсаң, кішік бол	Ұлық болдың екен, көңіліңді кішік тұт Ұлыққа кішіктік жарасар, ул
Алтын көрсе, періште жолдан таяр	Алтын көрсе, Ердің өзі жұмсарар, Күркіреген кердің сөзі жұмсарар
Ішің ауырса, аузыңды тый, көзің ауырса, қолыңды тый	Дерт кісіге жабысады ауыздан, Дертке дауа дәрі де енер ауыздан
Ит үреді, керуен жүреді	Көп төбетті бөрі елемей жеңбей ме, Ит үреді, керуен көше бермей ме.
Аузы қисық болса да байдың ұлы сөйлесін [?]	Кім бай болса, Қолы соның қарымды Терісі – оң, болар тілі алымды [?]

«Құтадғу білік» дастанының отбасы тәрбиесіне ықпалы зор. Онда ата-ананың рөлі мәдени тұрғыдан келесідей мақал-мәтелдер мен өсиет сөздермен ашылады.

4-кесте – отбасы тәрбиесі жайлы

Баласағұнның шығармасында	Мағынасы
<i>Qalī edzgü bolsa oğül-qiz silig,</i> <i>Ani-täg bolur kim jorıtın tilig</i> <i>Qalī bolsa esiz ulıtyaj säni</i> <i>Özün ölsä terkin ünıtyaj säni[?]</i>	Егер ұл, қыз ізгі (жақсы) зерек болса, <i>(Олар) сенің айтқаныңдай, тілегеніңдей болар.</i> Егер, жаман болса, зарлатар, жылатар сені, Өзің өлгенде, тез-ақ ұмытар сені/[3.1336.]

Қорытынды. Ж.Баласағұнның «Құтадғу білігі» дастанының көне жазба көздердің арасындағы орны бөлек, себебі дана ойшылдың еңбегіндегі әлеуметтік-мәдени көзқарастар өскелең ұрпақ үшін таптырмас қазына, дұрыс тәрбие беруді, дұрыс мінез-құлық ережелеріне баулуды көздеген шығарма және оның әлеуметтік-мәдени тұрғыдан құндылығы зор дегім келеді. Қоғамдық-экономикалық формацияның түріне байланыссыз халықта оның салт-дәстүрінде, әдет-ғұрпында жалпы халықтық ізгілік құндылықтар сақталады: үлкендерді құрметте, дана адамнан үйрен, өз ойыңды нақты білдір, өзінді дұрыс ұстасаң – құрмет пен қошеметке бөленесің, олай істемесең – адамдар сені жек көріп кетеді.

«Құтадғу білігі» өзінің терең мағынасымен қызықты, оны күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпаған өмір кодексі ретінде де қарастыруға болады, шығарманың көптеген ережелері біздің замандағы жағдаймен үндеседі.

Қалай бақытты болу керектігі туралы сыр шертетін кітапта сол кезеңдегі көзқарасқа сәйкес келетін ізгілік қағидаттары жан-жақты қарастырылған.

Мәдени тәрбинің түп тамыры сонау тарихи кезеңдерден бастау алатындығы мәлім. Бұл шығарманың ерекше құндылығы – «Құтадғу білік» -жазбаша ескерткіш болып табылатындықта.

Ғасырлар тарихынан бүгінге дейін ұрпақ мұрасына айналған «Құтадғу білігі» шығармасы басқаша айтқанда «Бақытты бола білу ғылымы» – ойды, адамгершілікті, этиканы, эстетиканы, ізгілікті тәрбиелеуге қатысты дидактикалық қағидаттар туралы пайымдаулар. Тәрбиелік және өнегелік мәні зор. Түркі халықтарының әдеби бастауларының бірі. Кітап ізгілік тұрғысынан тәрбие беретін, құндылық қатынастарын қалыптастыру барысы туралы сипаттаған шығарма.

Әдебиеттер тізімі

1. Кононов А.Н. Поэма Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание». -М.: Наука, 1983. –507 с.
2. Стеблева И.В. Поэтика «Кутадгу билик»// Советская тюркология. –1970. – №4. – С.100.
3. Егеубаев А. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). – Алматы: Ана тілі, 1998. -320 б.
4. Мырзахметов М.М. Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. - Алматы: Ғылым, 1982. –209-212б.
5. Егеубай А. Жүсіп Баласағұн «Құтадғу білік» (11 ғасыр) [Мәтін] / А. Егеубай // Жұлдыз. –1996. - № 3. – Б.170-194.
6. Егеубай А. Құтадғу білік [Мәтін]: [Жүсіп хас Қажыб Баласағұнның еңбегі жайлы ғылыми сипаттама] / А. Егеубай // Сарыарқа. –1995. - № 5. – Б. 73-93; № 6. –Б. 28-33.

Ж.Н. Алашбаева

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Социально культурный характер пословиц и поговорок в произведениях Ж. Баласагуна

Аннотация. Произведение Жусип Баласагун «Кутадгу билиг» памятник тюркских народов, написанное в XI веке. Он рассказывает об истории жизни тюркских народов, общественно-политической ситуации. Жусип Баласагун говорит, что надо обратить внимание на содержание слова. То есть, в меньшей степени подразумевается представление большого значения, выразительного и точного выражения мыслей. «Кутадгу билиг» был как закон, определяющий права и обязанности лиц. Он призывал человека к лучшему, разуму, знанию, самообразованию. Открыл новое направление в тюркологической науке. Провели исследования зарубежные и отечественные ученые, лингвисты перевели тюркские записи на многие языки, ввели в научный оборот. В произведении подробно представлены пословицы и поговорки, крылатые слова, философские мысли. Дает сведения о средневековой культуре и является важным произведением в мире художественного слова.

Ключевые слова: пословицы и поговорки, Ж. Баласагун, национальная культура, народная мудрость, культура.

J.N. Alashbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The social and cultural characteristics of proverbs in the works of Zhusup Balasagun “Kutadgu Bilig”

Abstract. Yusuf Balasagun’s «Kutadgu Bilik» is a common achievement for the Turkic peoples of the 11th century. It tells about the history of the Turkic people, about the political situation in the country. Yusuf Balasagun says that the word «Tyumen should be taken literally in one word» should be emphasized. That is, a few words to give a clear and precise idea. The «Martial law» is a law that defines the rights and duties of people. It encourages people to good, intelligence, knowledge and self-discipline. It has opened the way to new heights in Turkic studies. Foreign and domestic scientists studied and translated into Turkic letters. The work contains all proverbs, sayings, philosophical thoughts. An important part of medieval culture and the world of art.

Keywords: Proverbs and sayings, Zh. Balasagun, folklore, national culture, folk wisdom, culture.

References

1. Kononov A.N. Poema Iysyfa Balasagunskogo «Blagodatnoe znanie» [Poem of Yusuf Balashovskogo «Beneficial knowledge»] (Science, Moscow, 1983).
2. Stebleva I. V. Poetica «Kutadgu Bilik» [Poetics «Kutadgu Bilik»], Sovetskaya turkologia [Soviet Turkology], 4, 100 (1970).
3. Egeybaev A. Kisilik kitaby (gylymi esse) [Person’s book « (scientific essay)»] (Ana tili, Almaty, 1998).
4. Myrzahmetov M.M. Muhtar Ayezov jane Abaitany problemalary [Mukhtar Auezov and Abaitanu problems] (Science, Almaty, 1982).
5. Egeybai A. Jusip Balasagyn «Qutadgy bilik» [Zhusup Balasagun «Kutadgu Bilig»], Juldyz [Star], 3, 170-194 (1996).
6. Egeybai A. Qutadgy bilik [Kutadgu Bilig], Saryarka [Saryarka], 5, 73-93 (1995); 6, 28-33 (1995).

Авторлар жайлы мәліметтер:

Алашбаева Ж.Н. – түркітану кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Жанкент көшесі 55, Астана, Қазақстан.

Alashbayeva J.N. – doctorate student of the chair of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Jan-kent street 55, Astana, kazakhstan.